

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы»
ШЖҚ МКК директоры

А. Досжанов

2023 жыл.

«11» 05



«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ
МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы
Үлгілік ЕРЕЖЕ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 112 бұйрығымен «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) бекітілді. Үлгілік ережеде:

Кәсіпорын негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Кәсіпорының басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорының тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорының құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

Кәсіпорының басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорының қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Кәсіпорын басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органға жүгінеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес – барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, Кәсіпорын мен лауазымды адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, Кәсіпорын басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.